



№ 9 (1519)
12 наурыз
2014 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

МЕРЕЙТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ - АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Оқытушы-профессорлар құрамы бас қосатын апта сайынғы ректорат мәжілісінде күн тәртібіндегі түрлі өзекті мәселелер талқыланып, шешімін тауып жатады. Алайда осы отырыстардың бәріне ортақ бір нәрсе бар. Ол – 4 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан оқуда озат, ғылымда ізденімпаз және әлеуметтік жағдайы төмен тәлімгерлерді қолдау мақсатында тағайындалатын шәкіртақы табыстау рәсімі. Кешегі ректорат отырысы да қаншама талапты жасқа дем беріп, жетістікке жігерлендірген шәкіртақы табыстаудан басталды.

Журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы аса көрнекті жазушы-публицист Балғабек Қыдырбекұлы атындағы шәкіртақыны баспа ісі және дизайн кафедрасының үздік студентіне ұсына отырып, оның тағылымды өмір жолын өнеге етті. «Игі дәстүрдің қалыптасуында университет түлектерінің үлесі ерекше», – деді сөз кезегі келгенде ЭЖБЖМ деканы Баян Ермекбаева. Ол игі шараның Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына орайластырылып отырғанын атап өте келе, 1 млн. 800 мың теңге көлеміндегі шәкіртақыны 15 студентке табыстады.

ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына дайындық барысы жиі көтерілетін сауалдардың бірі екені даусыз. Бұл ретте мәжіліс мінберіне көтерілген әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева мерейтой шараларының күнтізбелік жоспарына тоқталды. Мерейлі жылдың айтулы күндеріне айналар мерейтойлық онкүндіктің 21-31 мамыр аралығында өтетінін бұрын да айтқан болатынбыз. Бұл күндер көптеген әріптестермен, университет түлектерімен жарқын кездесулерге толы болмақ. Шолпан Ерболқызының айтуынша, 21-22 мамырда өтетін Азия университеттері ректорларының III форумы онкүндіктің маңызды әрі салтанатты бастамасы болады деп жоспарланып отыр. «Сонымен қатар 23 мамырда халықаралық ҚазҰУ достары клубының тұсаукесері, 24 мамырда Жазғы ҚазҰУ семестрінің ашылуы орын алатын болады», – деді проректор. «Білімнен машыққа – кәсіби өсу жолы» деген атауды иеленген шара академиялық ұтқырлық, кәсіби және өндірістік тәжірибе мен студенттік еңбек маусымын ашып бермек. Онкүндік аясында өтетін шараларды тізбелесек, «ҚазҰУ – студенттік спорттың көшбасшысы» – қалалық велосеру мен үздік спортшыларды мадақтау; «Қариялар – алтын қазына» – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми және педагогикалық қызметі ақсақалдарын мадақтау; «ҚазҰУ – қазақстандық элита ұстаханасы» – БАҚ және журналистер арасындағы байқау жеңімпаздарын марапаттау, «Университет ғылымға негізделген Қазақстан экономикасының даму нүктесі ретінде» ғылыми-тәжірибелік деңгелек үстел, «Интеллектуалды оқудан – интеллектуалды ұлтқа» – халықаралық кітап жармеңкесі, «Университет – кәсіп – қоғам: тәжірибе және әріптестік мүмкіндіктері» – жұмыс берушілер форумы, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – болашаққа ұмтылған университет» – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер ассоциациясының қатысуымен өтетін Ғылыми кеңестің салтанатты отырысы. «Мерейтойлық онкүндік осындай жан-жақты мазмұнды әрі ірі шаралармен ерекшеленетін болады. Жоспар бар, соны орындау керек. Түлектер тізіміне дейін пысықталуы тиіс. Олармен тығыз байланыса отырып, Эндаумент қорға атсалысуы үшін жұмыс жүргізу де аса маңызды», – дей келе Шолпан Ерболқызы заманауи технологияларды қолдана отырып, оқу ғимараттары мен Студенттер үйлерін қайта безендіруді, ақпараттарды жаңартуды ұсынды. Ректор Ғалым Мұтанұлы: «Мерейтойлық шараға дейінгі міндеттер айқын. Университетімізде халықаралық деңгейдегі ауқымды шаралар жоспарланып отыр. Сондықтан әрбір шараның нақты сценарийі болуы керек. Мұнда ұсақ нәрсе болмауы тиіс», – деп қорытындылады.

Сондай-ақ ректорат отырысында факультеттер мен кафедралардың индикативті жоспарларының орындалуы талқыланып жатқанын айта кеткеніміз жөн. Кешегі жиында экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Ермекбаева мен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті деканының м.а. Гүлмира Қазыбектің есептері тыңдалды.

Әйгерім ӘУЕЗХАН



ҚазҰУ биыл 80 көктемін қарсы алды. Бұл көктем де өзгеше күймен, ерекше жырмен келді. Наурыз айының алғашқы бейсенбесінде ҚазҰУ жгіттері әдеттегідей, халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай университет аруларына арнап Студенттер сарайында салтанатты кеш ұйымдастырды. Осымен төртінші рет орын алып тұрған мерекелік концерт қазулық жгіттердің әйел азаматына, аналарға, аруларға деген үлкен қамқорлығын, мейірімін, шапағатын тағы бір кезек паш етті. ҚазҰУ өмірінің әр күні бір төбе болса, бұл күні университет аруларының жүзі бал-бұл жайнап, өздерін ерекше бақытты сезінетін, азаматтар тарапынан сезілген алештеу мен құрметтің жылы он екі айға жететін жылылығын жинаған бір төбе. Жаңа жыл мезгілін, табиғаттың жаңа лебін қара шаңырақ арулары ер азаматтарымыздың зор құрметімен, үлкен бағасымен, ерекше ілтипатымен қарсы алды.

«Жақсы сөз – жан семіртеді», «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген аталы сөздерге үңілер болсақ, азаматтарымыздың, ерлеріміздің марапаттары ҚазҰУ – киелі орда, қасиетті қара шаңырақ екендігін тағы бір айқындап-ақ тұр.

Олардың бірі математик, бірі химик, бірі физик, бірі заңгер, енді бірі тарихшы, бірі әдебиетші, қарапайым айтар болсақ, атағы жер жарған ғалымдар. Бірақ бұл күні олардың барлығын сахнада өнер біріктірді. «Қыздың қабағында құт бар» деген қазақ даналығын берік ұстанған ҚазҰУ жігіттері аяулы жандардың жадырап жүруіне, қабақтарының ашық, жүздерінің жарқын болуына бар өнерлерінен аянбай-ақ келеді. ҚазҰУ басшылығынан бастап, жас оқытушыларымыз бұл жолы да ерледі. Ректор Ғалым Мұтанов өз шығармашылығынан өлең оқыса, проректорлар Мұхамбетқали Бүркітбаев, Мақтағали Бектемесов, Дархан Ахмед-Заки және «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев құраған топ Ескендір Хасанғалиевтың «Әдемі-ау» әнін шырқады. Журналистика факультеті баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі Сағатбек Медеубекұлы мен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің аға оқытушысы және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Ерхан Карбозов ақындар айтысын жасады. Әр өнер бір-бірінен асып түскендей болды. Ақындар айтысынан кейінгі кезек халық әніне берілді. Биология ғылымдарының кандидаты, доцент Қаршыға Көшкінбаев халық әні «Қарғашты» Зауреш Сейфуллинаның күйсандықта сүйемелдеуімен жоғары орындады. Биология және биотехнология факультетінің кафедра меңгерушілері де өнерден кенде емес екендіктерін байқатты. Бұл қатарда профессорлар Әшімхан Қанаев, Болатхан Заядан, Сұлтан Төлеуханов және аға оқытушы Нұрлан Баймұрзаевтар ән шырқады. Студенттерден құралған вокалдық тобы «Мама» әнін нақышына келтіре орындады. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің аға оқытушысы Төлеген Меркібаев Кальманның «Сильва» опереттасынан Бони әнін шырқаса, халық әні «Бір келіншекті» тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрғанжан Төлебаев орындады. Өннен кейін тарих, археология және этнология факультетінің оқытушылары үнді биін биледі. Заң факультетінің доценттері, полиция полковнигі Батыр Шопабаев және полиция подполковнигі Жамбыл Сатыбалдиновтар да

осы мереке күні әншілік өнерлерімен танылды. «Студенттер» квартетінің орындауындағы әсем ән де кеш көркін қыздыра түсті. Факультет декандарының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары мен аға-куратор эдвайзерлердің «Тақиялы періште» фильмінен би билеуі, Кавказская пленица әндерін мың бұрала билей жүріп шырқауы көрермендер қошеметін арттырды. Бұл мерекелік күйді университетіміздің әскери кафедрасының ұжымы орындаған «Бесаме мучо» мен «Эти глаза напротив» әндері жоғары шарықтатты. Факультет декандары да арулардың көңілін табуға тырысты. Журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы аруларға арнап өлең оқыса, халықаралық қатынастар факультетінің деканы Кәрімжан Шакиров, тарих, археология және этнология факультетінің деканы Жәкен Таймағамбетов, физика-техникалық факультетінің деканы Асқар Даулетов, география факультетінің деканы Виталий Сальмин және ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің деканы Жарылқасын Жаппасов құраған топ әннен шашу шашты. Әр факультеттің оқытушыларынан құралған өнерпаздар «Дос Мұқасан» тобының репертуарларынан попури орындап, көрермен көңілін марқайтты. Бұл топта бас гитарада физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының профессоры, химия ғылымдарының докторы Тілеутай Абильдин, ритм-соло гитарада «Фараби сазы» ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі, ҚР-ның мәдениет қайраткері Болатқали Әмірханов, синтезатор аспабында механика-математика факультеті, ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы Болат Әбенев, дауылпаз аспабында механика-математика факультеті, механика кафедрасының маманы Қуаныш Мерейхан өнер көрсетті. Арулардың таңдайын қақтырған азаматтар кеш соңын барлығы бірге «Гүл сыйлайық әйелге» әнін орындап, көрермендерге гүл шоқтарын таратумен қорытындылады. Бірінен-бірі кеш көркін қыздырған әсем де әдемі салтанатты бағдарламаларды тамашалай отырып уақыттың қалай зымырап өткенін сезбей қалған көрермен арулар жанарларына қуаныш жиналып, «Біздің ҚазҰУ жігіттері – жігіттердің төресі» деген ризашылықпен қимай тарқасты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНДА:

**ВКЛАД НАУКИ
В "ЗЕЛЕНУЮ"
ЭКОНОМИКУ!**



2-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

**ФАРИЗА
ОҢАРСЫНОВА
ӘЛЕМІ**



6-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ



7-бет

«ҮЗДІК ПРОЕКТ»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінде ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы ұйымдастырған «Үздік Проект» креативті идеялар мен жобалардың I Республикалық Студенттік байқауының қорытындысы шығарылды.

Жоба республиканың талантты, креативті студенттерін қолдау мақсатында ұйымдастырылған еді. Байқауға түскен жұмыстарды іріктеген әділ қазылар алқасы жобалардың барлығы дерлік маңызды тақырыптарды қозғап, креативтілігімен, мазмұндылығымен, жүзеге асу мүмкіндігінің молдығымен ерекшеленетіндігін атап өтті.

Үздік жобаларды марапаттауға факультеттің оқытушы-профессорлары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, Алматы, Астана, Павлодардағы компаниялардың PR-менеджерлері қатысты.

Байқаудың қорытындысы бойынша Бас жүлде мен оған тағайындалған планшетті журналистика факультетінің 1 курс студенті М. Ахметов иеленді. «Beeline» компаниясының PR-менеджері Байрам Азизов 1-орынды иемденген журналистика факультетінің 3 курс студенттері Ф. Әліпбек пен Р.Шамшарханға компания атынан Wi-Fi флешкалар тапсырды. "Woolim Construction" оңтүстік-корея құрылыс компаниясының қоғаммен байланыс, БАҚ және жарнама департаментінің бастығы Ләззат Әміржанова 2-орын иемденген журналистика факультетінің 1 курс студенттері А. Абдоллаева мен А. Набиевға және халықаралық бизнес университетінің 1 курс студенті Д. Токушеваға компания атынан сыйлықтар тапсырды. Үшінші орын алған журналистика факультетінің қоғаммен байланыс мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттері К. Досымбай (3 курс), Г. Айтбай (2 курс) және ҚазҰУ география факультетінің 1 курс студенті Н. Алимоваға факультет деканы Ө.Әбдиманұлының монографиялары және бағалы сыйлықтар тапсырылды. Республика жоғары оқу орындарының студенттері А.Түймехан, А. Марат, Ж.Аққайыр, Б.Төлегенге сертификаттар мен ынталандыру сыйлықтары табыс етілді.

Назгүл ШЫҒЫСОВА,
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі

В марте сотрудники НИИ ПЭ КазНУ совместно с белорусскими коллегами, приступают к проведению опытов по изучению состояния озимой пшеницы. До посева семена были обработаны специальными микроудобрениями (ПМУ) – уникальным препаратом, полученным казахстанскими учеными.

ВКЛАД НАУКИ В «ЗЕЛЕНУЮ» ЭКОНОМИКУ!



Эта, не имеющая аналогов в мире, экологически чистая, «зеленая» технология позволяет фермерам обойтись без применения дорогостоящих удобрений на основе фосфора и других химикатов. Более того, казахстанские микроудобрения (ПМУ) значительно повышают (на 30-40%) урожайность зерновых культур и их устойчивость к различным фитопатогенным заболеваниям и погодным колебаниям.

Об этом в Астане, на заседании экспертной группы при партии «Нұр Отан» заявила директор НИИ проблем экологии Айжан Скакова. Помимо этой разработки, с точки зрения развития малого бизнеса на селе, была бы очень привлекательна предлагаемая НИИ ПЭ биотехнология массового размножения стевии – природного заменителя сахара, что очень актуально для больных сахарным диабетом. Также большой интерес собравшихся вызвало сообщение о получении мутантных линий пшеницы и других зерновых культур, которые не подвержены засухе и другим природным аномалиям. По словам А.Скаковой, этими и многими другими научными разработками казахстанских ученых заинтересовались китайские предприниматели, которые готовы купить права на их применение. Однако, в первую очередь, эту возможность нужно дать отечественному бизнесу, а для этого необходимо наладить механизм «наука – производство».

Хотелось бы заметить, что партийное заседание было специально посвящено вопросам вовлечения сельского бизнеса в «зеленые» проекты. Депутат Мажилиса Парламента РК, член фракции партии «Нұр Отан» Айгүль Соловьева отиетила: «Зеленые проекты» являются той нишей, в которой малый бизнес, например фермерское хозяйство-теплица, может приложить свои силы. И мы здесь показываем механизмы и инструменты, как можно им этого достичь. Предлагаем пути, по которым они в дальнейшем могут развиваться».

НИИ проблем экологии

МАРИЯ СКЛОДОВСКАЯ-КЮРИ АҚПАРАТТЫҚ КҮНІ

ЮНЕСКО шешімімен 2011 жыл Халықаралық химия және Мария Склодовская-Кюри жылы деп жарияланған болатын. Осы мерекеге орай сол жылы Польша мемлекеті Химиялық Қоғамының ұйытқы болуымен ҚазҰУ-да Радиациялық экология зертханасы және ғалым атындағы аудитория ашылып, химия және химиялық технология факультетіне оның бюсті қойылған еді. Жұырда университетіміздің 80 жылдық мерейтойына орай жалпы және бейорганикалық химия кафедрасы ұжымы мен Польша мемлекеті өкілдігінің мүшелері және еліміздегі радиациялық экология саласының алдыңғы қатарлы ғалымдарының қатысуымен Мария Склодовская-Кюри ақпараттық күні аталып өтті. Аталған шарада алғаш болып ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мырзағали Бүркітбаев, Польша мемлекетінің вице-консулы Даниэль Брачишевски, сондай-ақ химия және химиялық технология факультетінің деканы Ердог Оңғарбаев сөз сөйледі.

Профессор М. Бүркітбаев өз сөзінде поляк қызы Мария Склодовская-Кюридің жаратылыстану ғылымдары және радиоактивтілікті зерттеудегі бағыт белгілеуде үлкен үлес қосқанын айтты. Польша мемлекетінің вице-консулы Д. Брачишевски ҚазҰУ-ды 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, Нобель сыйлығын екі рет иеленген Мария Склодовская-Кюридің жұмыстары ғылымға таптырмас көмек балғанын, сонымен қатар ҚазҰУ мен Польша мемлекетінің арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі дамуына үмітті екенін жеткізді.

Аталған шара аясында «Радиоактивтілік туралы ғылымның қалыптасуына Мария

Склодовская-Кюри еңбектерінің әсері» тақырыбында дөңгелек үстел және студенттердің арасында «Үздік химик-бейорганик» олимпиадасы ұйымдастырылды. «Волковгеология» ЦОМЭ АҚ директоры И.А. Шиковтың «Қазақстандағы радиоэкологиялық жағдай», Комплексі экологиялық зерттеу орталығының ғылыми жетекшісі, профессор В.П. Солдуниннің «ҚР МИНТ ядролық физика институтының радиоэкологиялық зерттеулері», аға ғылыми қызметкер П.Г. Каюковтың «Қазақстандағы радон проблемалары» және профессор М. Бүркітбаевтың «Мария Склодовская-

Кюри зертханасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары» туралы баяндамаларын жиналған қауым ықыласпен тыңдап, сұрақтарын да жолдады. Еліміздің қазіргі заманғы радиоэкологиялық жағдайы жайлы баяндамалар ғылыми аудиторияда үлкен қызығушылық туғызды. Қазақстанның бірқатар аймақтары жасанды және техногенді күшейтілгені, табиғи радиоактивтілік әсеріне ұшырағандығы айтылды. Ақпараттық күнді қорытындылау кезінде факультет басшылығы мен Польша мемлекетінің вице-консулы Д. Брачишевски келесі жылы Польша және Қазақстан мемлекеттерінің бизнес мекемелерінің қатысуымен Мария Склодовская-Кюри конференциясын өткізуді және факультеттің үздік студенттеріне ғалым атындағы шәкіртақыны тағайындауды талқылады. Осындай іс-шаралар Польша мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға өз үлесін қоспақ.

Болат ОРАЛБЕКОВ,
жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының меңгерушісі;
Алмагүл НИЯЗБАЕВА,
доцент

КҮНТІЗБЕЛІК

Басы өткен санда

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

2010 жыл

15 қаңтар – алғашқы ұлттық оқу орын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің туған күнін атап өтті.

28 қаңтар – ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы өкілі Олжас Сүлейменов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келіп, оқу орнының ректоры Бақытжан Жұмағұловпен кездесті.

1 ақпан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын талқылады.

5 ақпан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов пен М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дың ректоры Виктор Садовничий кездесті.

15 ақпан – АҚШ-тың көне оқу ордаларының бірі Колумбия университетінде (Нью-Йорк) отандық білім және ғылым тарихында тұңғыш рет ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов дәрісін өткізді.

16 ақпан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әл-Фараби» Олимпиадасының салтанатты ашылуы болды.

23 ақпан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жалпыуниверситеттік тіркеу бөлімінің ашылу салтанаты өтті.

23 ақпан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақ КСР ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының тұңғыш докторы, профессор, Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойы аталып өтті.

25 ақпан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Студенттер сарайында ҚР Білім және ғылым вице-министрі Махметқали Сарыбеков «Жастар – біздің болашағымыздың кепілі» тақырыбында Алматы қаласының студент жастарымен жүздесті.

19 наурыз – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚазҰУ-дың Жұмыс беру одағының бірінші отырысы «Қазатомпром» ҰАК-нің төрағасы болып сайланған Владимир Школьниковтің қатысуымен өтті.

1 сәуір – Араб Республикасының астанасы Мысырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығы ашылды.

15 сәуір – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ә.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында I Инновациялық конвені өтті. Аталмыш шараға Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың интеллектуалдық ұлт құру қажеттілігі жөніндегі идеясы арқау болды.

14 сәуір – мемлекеттің жетекші оқу ордасының бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері «Студенттік өмір» интернет-порталын іске қосты.

14 сәуір – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мұражайында ардагерлердің қатысуымен Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына арналған «Жауынгер тәлімі» атты бас қосу рәсімі өтті.

21 сәуір – VIII Халықаралық Еуразия Медиа Форумының қарсаңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «ҚазҰУ-дың студенттік медиа форумы» атты жаңа медиа жобасының тұсауы кесілді.

6 мамыр – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «Шинхан Банк» АҚ вице-президенті Чжо Бин Бёнг (Корея Республикасы) келді.

7 мамыр – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 20 студентіне Т. Дж. Пак атындағы ПОСКО комбинаты (Оңтүстік Корея Республикасы) қорышәкіртақысының сертификаттары берілді.

11 мамыр – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлының арнайы шақыруымен Қазақстандағы Бельгия Өмірлілігінің өкілі Даниэль Парисс ҚазҰУ-дың нанотехнологиялық зертханасын көріп қайтты.

18 мамыр – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің музейінде Халықаралық музей күніне арналған «Музей әлемі» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

29 мамыр – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Еуропарламент депутаты Альфред Рубикс қонақ болды.

10 маусым – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде академик Төлеген Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі жоғары білім берудің мәселелері: жетістіктері және болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

1 қыркүйек – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім күні ректор, академик Бақытжан Жұмағұловтың «Университет әлемдік инновациялық үдерісте» атты дәрісімен басталды.

3 қыркүйек – Политбюро, Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің секретариаты, ҚКП ОК насихат бөлімінің министрі Лю Юншан мырза бастаған Қытай делегациясы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келді.

17 қыркүйек – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Әділбек Жақсыбеков келді.

Қыркүйек – ҚЖМ ҒА академигі, ф.ғ.д. Бағызбаева Майя Михайлқызының атындағы аудитория ашылды.

Қыркүйек – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да физ. ғ. д., Б.Г. Ахметованың атындағы зертхана ашылды.

25 қыркүйек – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде мәдениет қайраткері, дарынды жазушы-журналист, аудармашы Серік Әбдірайымұлы атындағы оқу залының ашылу салтанаты өтті.

Қыркүйек – Франк-Қазақстандық Геоэнергетика орталығы ашылды.

Қыркүйек – ҚазҰУ ректоры Б.Т. Жұмағұлов «Әл-Фараби» үлкен алтын медалімен марапатталды.

22 қыркүйек – Душанбеде ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының бөлімшесі ашылды.

1 қазан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Болашаққа интеллектуалдық серпілік» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

8 қазан – ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Өкімімен Ғалымқайыр Мұтанов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры қызметіне тағайындалды.

7 қазан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «Хабар» оқу аудиториясының тұсауы кесілді.

Жалғасы 3-бетте

27 наурызда ERASMUS MUNDUS бағдарламасы аясында «Silkroute - SILK Road Universities Towards Europe» атты жоба бойынша аймақтық конференция өтеді

КЕЛЕШЕГІМІЗДІҢ КЕМЕЛ БАҒЫТЫ

Биология және биотехнология факультетінің биотехнология кафедрасында Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы аясында «Мәңгілік Ел» идеясын жастар санасына сіңіру мақсатымен 1 курс студенттері және биотехнология кафедрасы эдвайзерлерінің қатысуымен басқосу өтті. Онда эдвайзерлер баяндама жасап, студенттер Жолдауға қатысты өз ойларын ортаға салды.

Эдвайзерлер мемлекет басшысының биылғы Жолдауында белгіленген басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру, еліміздің баянды болашағы жолында аянбай бірлесе еңбек ету, еңбектің берекелі зейнетін көру бүгінгі күні әрбір азаматты қасиетті парызы болып қала беретінін, «Қазақстан-2050» стратегиясында сапалы маман дайындауға айрықша көңіл бөлінгендігін, бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сол мүддеден шығып отырғандығын, студенттердің сапалы білім алуына, біліктіліктерін арттыруына, теориялық білімдерін тәжірибеде шыңдауына, қазақ, орыс және шет тілдерін меңгеруіне, салауатты өмір салтын ұстануына барлық жағдай жасалғандығын айтып өтті.

Өз Жолдауында Елбасы қоғамдағы ел көкейінде жүрген өзекті тақырыптардың бірі – «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сұраққа, «біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыратын ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы» деп толымды жауап қайырды. Болашағымыздың бағдары, мәңгілік мұраттарымыз бен мақсаттарымыздың түйісуі, яғни ұлтты ұйыстырып, еліміздің рухын көтеретін, армандарды ақиқатқа айналдыратын тірек осы «Мәңгілік Ел» идеясы екендігі белгілі. Студенттер тәуелсіз ел болып, ата-бабалар арманы ақиқатқа айналған тұста бізге алауыздықтың құрбаны болып, жер бетінен жойылып кеткен ұлттардың басынан өткен тағдыры

сабақ болуы тиістігін, азаттығымыздың қадірін ұғынып, тыныштығымызды бағалай білу керектігін түсінетіндіктерін айтты. Сонымен қатар олар Жолдауда көрсетілген «Мәңгілік ел» болудың жеті басымдығын талқыға салып, өз ойларын жеткізді.

«Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясында бейбітшілік, тұрақтылық және гүлдену арқылы XXI ғасыр Қазақстанның «Алтын ғасырына» айнала алатындығы туралы ойын ел-жұртына жеткізіп қана қойған жоқ, оған кәміл сенімді екендігін білдірді. Ендігі мақсат – еліміз әлемге әйгілі дамыған отыз елдің қатарынан орнықты орын алуы үшін серпін жасау. Бұл – келешегіміздің кемел бағыты», – деген сөздермен басқосуды А.С. Қыстаубаева қорытындылады.

А.Б. БӨЛЕКБАЕВА,
биотехнология кафедрасының
оқытушысы,
аға-куратор эдвайзер

КҮНТІЗБЕЛІК

Жалғасы. Басы 2-бетте

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

22 қазан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Болашақтың ғылымы» атты халықаралық ғылым және білім конгресі өтті. Конгресті Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов алғы сөзімен бастап, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау хатын оқыды.

27 қазан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университет ректоры Ғалымқайыр Мұтанов пен «Universidad es» корпорациясының президенті Моника Маргарит және оның сауда-экономикалық мәселелер бойынша кеңесшісі Диего Молерес Олливердің қатысуымен әріптестік кездесу өтті.

30 қазан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Спорт клубының 60 жылдығына арналған спорттық мерекенің салтанатты ашылуы болды.

3 қараша – ҚазҰУ басшысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақтелеком» АҚ, ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары Қуанышбек Есекеевпен жүздесті.

25-31 қазан – Анкарада түркі тілдес елдердің арасында студенттік Универсиада өтті.

10 қараша – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Сүлеймен Демирел университетінің (Түркия Республикасы) ректоры, профессор Месут Ақгүлдің басшылық етуімен түрік делегациясы сапармен келді. Делегацияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов қабылдады.

15 қараша – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мұражайы университеттің әскери кафедрасымен бірлесе отырып, Алматы қаласы әкімшілігі жастарды патриоттыққа тәрбиелеу жөніндегі Комиссияның қолдауымен «Сіздердің ерліктеріңіз халық жадында мәңгілік сақталады» атты іс-шарасын өткізді. ҮОС ардагері, панфиловшы-жауынгер, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, полковник Г.М. Визиряко қатысты.

12 қараша – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың қасиетті қара шаңырақты еліміздің өмірі ғылыми зерттеу орталықтарының ордасына айналдыру мақсатындағы іргелі идеясына орай, университетте ҚР Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығы қызметін реттеу агенттігінің төрағасы Аркен Арыстанов, осы агенттік аппаратының жетекшісі Нұржан Қабиев және «АӨҚО академиясы» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі Ольга Кузнецова қонақта болды.

18 қараша – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Алматы қалалық жоғары оқу орындарының ректорлары ЖОО-дағы сыйбалас жемқорлықпен күресу жолдарын талқылады.

19 қараша – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ТЕМПУС жобасы бойынша «Орта Азиядағы сапа мен аккредитация келідемесінің жүйесі» (CANQA) тақырыбында халықаралық конференция өтті.

24 қараша – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов Ақита университетінің (Жарония) профессоры Тошио Мизута бастаған Минералды және Энергетикалық Ресурстарды Зерттеу бойынша Халықаралық орталықтың (ICREMER) делегациясымен кездесті.

25 қараша – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов студент белсенділерімен кездесті.

23 қараша – 3 г.д., профессор В.А. Ким атындағы аудитория ашылды.

1 желтоқсан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде ҚР Парламенті халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі, мәжіліс депутаты, с.ғ.д., профессор Камал Низамұлы Бұрханов «Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы және Астанада өтетін Саммиттің қорытындысы» тақырыбында дәріс оқыды.

6 желтоқсан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары, «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттар қауымдастығының төрағасы Бауыржан Қыдырғалиұлы Байбек ҚазҰУ ұжымымен кездесті. Бас қосуды ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов ашты.

9 желтоқсан – КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде болып, оқытушылар және студенттермен кездесті.

11-16 желтоқсан – ҚазҰУ-дың өнерпаз студенттері университет ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың қолдауымен, бірінші проректор Мұхамбетқали Буритбаевтың бастауымен Израильде іс-сапармен болып қайтты.

13 желтоқсан – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қазақстандық оқу орындарының студенттері, магистранттары докторанттары, оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған Еуропалық комиссияның «Эрасмус Мундус» бағдарламасы аясындағы мультимемлекеттік TARGET жобасының презентациясы өтті.

15 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, ҚР Президентінің Жарлығымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қызметкерлері Мемлекеттік наградаларға ие болды.

«Отан» орденімен – 3 г.д., ҚР ҰҒА академигі, заң факультеті конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры Зиманов Салық Зиманұлы марапатталды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағымен марапатталғандар:

Профессор Мұсабеков Қуанышбек Битүулы – х.ғ.д., химия факультеті коллоидтік химия және жоғары молекулалық қосылыстар кафедрасы.

Профессор Данаев Нарғозы Тұрсынбайұлы – ф.м.ғ.д., Механика және математика ғылыми зерттеу институтының директоры.

Профессор Елеуов Мадияр Елеуұлы – т.ғ.д., тарих факультеті археология және этнология кафедрасы.

15 желтоқсан – Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасы елшілігі мәдени өкілдігінің жетекшісі Деновар Мұхаммад ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың қабылдауында болды.

Жалғасы бар...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ҚАЗАҚ ЕЛІ!

Мемлекеттің атауын «Қазақ елі» деп өзгерту туралы Елбасы ұсынысы халық арасында кеңінен талқылануда. Әлеуметтік желілерден бастап, ауылдағы ағайынға дейін осы тақырыпта біраз әңгіме өрбітті. Елбасы: «Біздің еліміздің атауында Орталық Азияның басқа елдеріндегі сияқты «стан» деген жалғау бар. Сонымен, бір мезгілде, шетелдіктер халқы небәрі 2 миллионды құрайтын Моңғолияға қатысушылық танытады, бірақ оның атауында «стан» жалғауы жоқ. Сірә, еліміздің атауын уақыт өте келе «Қазақ елі» деп өзгерту мәселесін қарастыру керек шығар, бірақ, алдымен, міндетті түрде халықтың талқысына салынғаны жөн», – деген еді.

Тоқтала кететін жайт, былтырғы жылы қыркүйекте еліміздегі мектептерде «Қазақ елі» атты жаңа пән енгізілген болатын. Президенттің өзі бұл пәннің алғашқы сабағына қатысып, алғашқы дәрісті де елордадағы мектептің бірінде өзі оқыған. Ондағы тақырып «Жаңа қазақстандық патриотизм» деп аталды. Сол тұста біраз бұқаралық ақпарат құралдары осы шараға қатысты «станнан» арылудың басы болды» дегенді алға тартып еді. Ал Елбасының ұсынысы «Жаңа қазақстандық патриотизмді» тереңдетудің тың қадамына айналғаны ақиқат.

Сонда да «Ел атауын өзгерту не береді?» дегенге тағы бір оралым көрсек. Жалпы, бүгінгі заманауи әлемде мемлекет атауын ауыстыру кеңінен таралған құбылыс. Мәселен, XX ғасырда Персия Иран аталды, Сиам елі – Тайланд, Абиссиния – Эфиопия, Цейлон – Шри-Ланка, Бирма – Мьянма болды. Румыния да өздерін ұдайы сығандармен,

римдіктермен шатастыра беретіндіктен ел атауын Дакия деп өзгерткісі келеді. Чехтар «шешендерге еш қатысымыз жоқтығын айта-айта шаршадық» дегенді алға тарта келе, көне атауларын жаңғыртып Богемия атанғысы келеді. Венгрия Республикасы 2012 жылы «Республиканы» алып тастап, құр Венгриясын қалдырды. Мексика Құрама Штаттарының Президенті де елді «Мексика» деп қана атауды ұсынады. Сондықтан да, әлемде елдер тарихқа бетбұрыс жасап қана қоймайды, мәселен, кейбір мемлекеттердің ресми атауынан елдік құрылым формасын алып тастау тәжірибесі бұрыннан бар.

Осы тұрғыдан алсақ, «Қазақ Елі» – бұл біздің ұлы даламыздың ықылымнан келе жатқан тарихи атауы. Қазақ қазақ болғалы оның мекені, жері, Отаны – Қазақ Елі деп аталып келді емес пе? Ал бүгін тілімізге сіңген «Қазақстанның» бізге таңылғаны сонау зұлматты сталиндік жылдары орын алғаны да тарихтан белгілі.

Басқаша айтқанда, Сталиннің тұсындағы «стан» жалғауы біздің еліміздің атауына еріксіз таңылғандығы айқын. Ендеше одан арылудың амалын да жасаған ләзім.

Түйіндей айтқанда, мемлекеттің атауын тарихи әділеттіліктерді ескере отырып жаңғырту Н.Ә. Назарбаев басшылығындағы реформалардың ұлы нәтижесіне айналып, жаңа Қазақ Елінің жаңа белестерге, жаңғыру жолына ұмтылысын айғақтайтын еді. Осы тұрғыдан алғанда «Қазақ Елі» Мемлекет басшысы айқындаған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясымен ұштасады. Өйткені, ұлттық идеяға айналған «Мәңгілік Ел» ұғымы Қазақ деген елдің жойылмай, мәңгі тарихта қалуға ұмтылысынан туып отыр. Ендеше мемлекетіміз үшін жаңа тарихи кезең басталды деуге де негіз бар. Ал мұндай кезеңнің жаңа атаумен өрілгені де құпталары. Бұл атауға «Қазақ Елі» де әбден лайық.

Заң факультетінің студенттері мен оқытушылары Елбасының ұсынысын бір ауыздан қолдай отырып, біз, мәңгілік қазақ елінің жастары Елбасының бастамасын толық мақұлдауымыз керек деп үн қатады!

Е.Т. НҰРМАҒАНБЕТ,
заң факультеті деканының
орынбасары, доцент

КРАТКИЙ РЕЛИГИОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ:

РЕЛИГИОЗНОСТЬ И СВЕТСКОСТЬ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

В послании «Стратегия «Казakhstan-2050» Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева было обозначено, что нашей главной ценностью являются «гражданский мир и межнациональное согласие». Кроме того, Лидер Нации Н.А. Назарбаев отметил: «мир и согласие, а вместе с тем и, диалог культур и религий» в многонациональном Казахстане «справедливо признаны мировым эталоном».

Последнее столетие человечества ознаменовалось кризисом социокультурного феномена, что, в свою очередь, на наш взгляд, обусловило всевозможные финансово-экономические, гражданско-политические кризисы, переживаемые нашим обществом. В таких условиях значительно возросла и роль религии – церкви, уммы и религия в целом стремительно занимают свою позицию в текущем состоянии дел и пытаются заполнить духовный вакуум. В стороне

не остались и радикальные религиозные течения и секты, деятельность которых направлена не на заполнение духовного вакуума, а на использование человека в сугубо личных целях, той или иной религиозной организации.

В настоящее время мы видим, что религия имеет большое значение в жизни молодежи и студентов. И от того, какое духовно-нравственное убеждение сформируется у нашей молодежи, зависит будущее нашего государства. Современные реалии указывают на то, что проблема религиозного воспитания подрастающего поколения в настоящее время стоит остро.

Не существует какой-либо одной серьезной проблемы, которая стоит между государством и конфессиями, напротив, Казахстан стал центром межконфессионального диалога и согласия. Поэтому роль государства в решении религиозных проблем велика. Именно государство обязано решать поставленные задачи, но не без участия представителей религий, независимых

общественных организаций и в целом общественности, руководствуясь принципом открытости и толерантности. Мы должны оставить будущим поколениям стабильную и процветающую страну.

Конечно, внутреннее законодательство, регулирующее сферу образования, должно соответствовать международным стандартам и договорам, но лишь отчасти в силу ментальной особенности казахстанского общества.

Хотя и могут перед нами встать те или иные проблемы, связанные с религией и светским обществом, это вовсе не означает, что непременно должно быть вечное противоборство чувств! Ибо лишь в созидании и многогранности мы создадим государство с истинно демократическими началами!

Е.С. ТАСТАНКУЛОВ,
магистрант 2 курса специальности
«религиоведение»,
Ш.С. РЫСБЕКОВА,
научный руководитель

В Алматы КазНУ им. аль-Фараби и Британский совет Казахстана провели совместный семинар «Изменение климата, энергетика и технология»

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ ҒАЛЫМ, АКАДЕМИК Н.Ж. ТАКИБАЕВ 70 ЖАСТА

Жуырда физика-техникалық факультетінде теориялық және ядролық физика кафедрасының ұйымдастыруымен ҚР ҰҒА-ның академигі, профессор, физика-математика ғылымдарының докторы Нұрғали Жабағаұлы Такибаевтың 70 жасқа толаған мерейтойына арналған Ғылыми кеңестің отырысы және «Физика мен жаңа технологиялардың заманауи мәселелері» атты халықаралық конференцияның ашылу салтанаты өтті.

Шараны ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабил Рамазанов құттықтау сөзімен бастап, мерейтой иесінің кеудесіне ҚазҰУ-дың «Күміс медаль» тақты. Салтанатты отырыста ҚР ҰҒА президенті, академик М.Ж.Журинов, академиктер – Н.А. Айтхожина, Э.Г. Боос, Т.Ш. Кальменов, ҚР Ұлттық ядролық орталығының директоры Э.Г. Батырбеков, бірқатар ұлттық орталықтар мен ғылыми зерттеу институттарының, ұлттық университеттердің өкілдері, факультет деканы, кафедра меңгерушілері мен профессор-оқытушылар құрамы өз құттықтауларын білдірді.

Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ профессоры С.Е. Кумеков өз құттықтау сөзінде: «Сіз тек Қазақстанның алдыңғы қатарлы ғалымы ғана емесіз, Сіздің алған ғылыми жаңалықтарыңыз әлемнің көптеген ірі ғылыми орталықтарына да танымал», – деп атап кетті.

Академик Н.Ж.Такибаевтың ғылым жолындағы жетістіктерін айтқанда ол кісінің әкесі, академик Ж. Такибаев пен анасы Г. Тілеубергенованың еңбектерін де атап өтпеске болмайды. Себебі, осындай мықты физиктер отбасында дүниеге

келген Нұрғали Жабағаұлы «Әке көрген оқ жонар» демекші, әке жолымен өзінің болашағына таңдау жасады. Сондай-ақ конференцияны ұйымдастырушылардың атына академик Н.Ж.Такибаевты құттықтап, елуге тарта хат келді. Солардың ішінде АҚШ-тан профессор М. Сноу, Жапониядан профессор К. Като, М. Айкава, Н. Кавамото, Ш. Ориу, А. Хосака, А. Токзаки, Ресейден профессор Л. Блохинцев, В. Беляев, В. Варламов, Кореядан Н. Ванкунг, Өзбекстаннан профессор М. Мусаханов, Р. Ибадов, Р. Ярмухамедовтарды атап өтпеске болмайды.

Қазіргі күнде теориялық физика мен астрофизика саласындағы алдыңғы қатарлы ғалым ретінде академик Нұрғали Жабағаұлы осы салалардың дамуына бағасыз үлес қосты. Ол – ТМД мемлекеттерімен қатар шетел арасындағы ғылыми жұртшылыққа танымал Қазақстанның атақты ғалымдарының бірі. Н.Ж. Такибаев КСРО ҒА-ның корреспондент мүшесі Д.А. Киржниц пен физика бойынша 2003 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты академик В.Л. Гинзбургтың басшылығында жұмыс істеген.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Бостандық ауданы, Газелкент елді мекенінің тумасы Н.Ж. Такибаев – Базистік зерттеу орталығының Ғылыми кеңес мүшесі (1992, Майами, АҚШ), Іргелі зерттеулер институтының Құрметті профессоры (1994, Молизе, Италия), ЯЗБИ теориялық физика зертханасының Ғылыми кеңес мүшесі (1994, Дубна, Ресей) болып тағайындалған. Шет елдердегі жоғары рейтингті ғылыми журналдардағы мақалаларын қоса есептегенде 300-ден аса ғылыми мақала мен жұмыстары жарық көрген. Қазақстанда бірнеше ірі халықаралық конференциялар өткізді, оның ішінде физика бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары Дж. Т'Хуфта мен К. Клитцингтің қатысуымен өткен «Үшінші мыңжылдық ғылымы» халықаралық конференциясының ұйымдастырушылары қатарында болғанын ерекше атап өтсек болады. 2008 жылғы ЖОО-ның ең үздік оқытушысы мемлекеттік грант иегері, сондай-ақ еңбектері көптеген құрмет грамоталарымен марапатталған.

Нұрғали Жабағаұлының ғылыми-педагогикалық іскерлігін бағалай отырып, оның педагогикалық дарынын ерекше десек болады: ол қазіргі кезде ерекше зор ынтамен жұмыс істеп жүрген көптеген жас таланттарды ғылыми жұмысқа қызықтыра әрі араластыра білді. Соңғы жылдарда оның басшылығымен физика бойынша 5 кандидаттық және 3 PhD докторлық диссертациясы қорғалды. Оның шәкірттері – Қазақстанның көптеген ЖОО-ларында және институттарында ғылыми және оқытушылық қызметтерін белсенді атқарып жүрген білікті педагогтар.

Өзінің ғылым жолындағы ұстазым



ретінде Нұрғали Жабағаұлының ғылымға ерекше берілгендігін, осының нәтижесінде өзінің әріптестері мен жолдастарының арасында сыйлы бола білген, бүгінгі күнде жас ғалымдар мен шәкірттеріне берер тағылымы мол, физика саласында озық ойлайтын кемел қабілетті жан екенін ерекше атап өткім келеді.

В.О. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті м.а., ф.-м.ғ.к.

ЖАДЫМЫЗҒА ЖӘДІГЕР ЖАУДЫРЫП ЖҮРГЕН ЖАН

Сонау жетпісінші жылдары қазіргі студенттер үрке қарайтын «Математикалық физика теңдеулері» іліміне бізді баулыған – қырық жылдан астам уақыт бойы Қазақ ұлттық университетінің студенттерін өнегелі өмір мен білікті білім нәріне сусындатып жүрген механика-математика факультетінің профессоры Жанұзақ Әбдіқұлұлы Тоқыбетов ағамыз. Осы кісі арқылы біз шәкірттеріне деген ықыласы ыстық Б. Жаңбырбаев, Ш. Еркеғұлов, Х. Ибрашев, Х. Құрманалин, Б. Оразбаев, Б. Төлегенов сияқты математика майталмандарының аттарына қанығып, есімдерін құлаққа сіңірдік.



Жанұзақ ағаның талмас табандылығы, еңбекқорлығы оны ғылым мен педагогиканың сан саласында шеберлік шыңына жеткізді. Мектеп оқушыларының олимпиадасы мен түрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларға мұрындық болып, қазіргі академик, доктор, кандидат атанған ғалымдардың бірсыпырасына бағыт көрсетіп, жол сілтеп, бағын ашқан да Жанұзақ Тоқыбетов екені анық! «Ұлы» халықтың ұранын Құранымыздан артық бағалап, ана тілімізде сөйлеуге қорғаншақтанған тұстарымызда математиканың сан саласынан қазақ тілінде дәріс жүргізуге жанын салғандардың бірі де Жанұзақ аға емес пе?! Өзінің әріптестері белгілі математиктер М. Орынбасаров, М. Төлегенова, А. Беделбаев, М. Хайруллин сияқты ғалымдардың Жәкеңмен тізе қосып шығарған ана тіліміздегі бірнеше әдістемелік оқу құралдары мен оқулықтары қараңғы үйге шам жаққандай

құбылыс болатын. Әсіресе "Арнаулы функциялар және олардың кейбір қолданулары", "Математикалық физика теңдеулері", "Коши тектес интегралдар және оның қолданымдары", "Эллипстік теңдеулер жүйесінің шекаралық есептері", "Аналитикалық функциялардың шекаралық есептері", "Математикалық талдау дәрістерінің конспектісі", "Функциялық талдау" аталатын кітаптары тілдік күрмеудің қиындығын көріп жүрген қара көздердің көзайымына айналғанын қайтерсің!

Жәкеңнің тағы бір қырын атап өтсем, ол – кейбіріміз сескене қарайтын – діни сауаттылық. Қайдан, қалай үйренгенін білмесем де, Жәкеңнің ислами білімдарлығының куәсі болған кездерім бар. Құран сүрелерін мақамына келтіріп оқығанда, шариғат уағыздарын тарқатқанда бұл кісіні дін өкілі екен деп те қаласың.

Жетпістің желкенін керсе де Жанұзақ аға "Сұрша қызды" әулеткеңде Сырымбеттің саласындағы ауыл, жастарымыз түгіл қырма сақалдардың түсіне кіре бермейтін сұңқар құс, экологиясы таза элегияға тұнған аймақ, жүректі жарып шыққан іңкәрлік көзіңе елес беріп, бойыңды балқыта түседі!

Адамзаттіні – діл мен тіл және дін десек, осы мақалаға арқау болған ағамызда осы үшеуінің де тұтастығы мен мұңдалап тұр ғой деп ойлаймын. Жаһандану жан-жағымызды жайлаған жаңа заман көшінде қолдағымызды қадірлеп, ұрпақ ұғымын ұштай түсудің үлгісін көрсетіп, жадымызға жәдігер жаудырып жүрген Жанұзақ Әбдіқұлұлындай ұстаздың ұлағаты баршамызға жұғысты болғай!

Иманкүл ТӨЛЕУХАН,
ҚазҰУ ДТжБТ кафедрасының профессоры

Университетімізде көп еңбек сіңіріп, оның дамуына өзіндік үлес қосқан, «Бас маман» деген абыройлы атақ лайық қызметкерлеріміз көп-ақ. Солардың бірі – ұлағатты маман, өз ісінің нағыз шебері Мәдина Әбдуәлиқызы Найманбаева. Оның барлық өмір жолы ҚазҰУ-мен тікелей байланысты.

ҰЛАҒАТТЫ МАМАН

Өзінің алғашқы еңбек жолын 1975-1981 жылдар аралығында №7 Ж. Жабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте бастап, биология пәнінің мұғалімі қызметін үздік әрі білікті түрде атқарды. Ол 1981-1992 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Стандартизациялау және метрология» бөлімінің ғылыми-зерттеу бөлімінде кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 1992-1997 жылдар аралығында «Жоғары математика және оқыту әдістемесі» кафедрасында аға лаборант болып қызмет атқарды. Сонымен қатар 1981-2008 жылдар аралығында ректорат бойынша кәсіподақ ұйымының төрайымы болды. 1999-2008 жылдар аралығында оқу бөліміне жетекші маман қызметіне ауысып, қазіргі кезде өз қызметін механика-математика факультетінің информатика кафедрасында атқарып келеді.

Мәдина Әбдуәлиқызы білім қызметкерлерінің арасында кәсіби байқаулар мен іс-шараларда өз біліктілігін әрдайым көтеріп отырады. Өзінің біліктілігі мен білімділігінің арқасында факультетке барынша танымал бас маман. Қол жеткізген жетістіктері де аз емес. Мәселен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 50, 60, 70 жылдығына орай құрметті дипломмен марапатталды. Сонымен қатар 1996 ж., 2012 ж. «Парасат» кәсіподақ ұйымы атынан «Үздік маман» сертификатына ие болды.

Өз жұмысын жауапкершілікпен атқаратын, үнемі ізденіс үстінде жүретін Мәдина Әбдуәлиқызын әріптестері адамгершілік қасиеттері жағынан да, кәсіби біліктілігі жағынан да жоғары



бағалайды. Оның ел білімі мен ғылымының дамуына қалтқысыз еңбек ететін, берері мол маман екендігін айтады. Себебі ұлағатты маман, өнегелі ана өзінің еңбекқорлығы мен біліктілігін жан-жақты дәлелдеп келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультеті, информатика кафедрасының ұжымы Мәдина Әбдуәлиқызын мерейтойымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, отбасына амандық, еңбекте шығармашылық табыстар тілейді! Сәттілік серігіңіз болып, биік асуларды бағындыра беріңіз!

Т.Х. ХӘКІМОВА,
информатика кафедрасының доценті

«Баспа ісі мамандарын даярлаудың ғылыми-инновациялық бағыттары мен оларды жұмыспен қамту жолдары» атты тақырыпта алқасөз және жұмыс берушілерге ашық өсік күні өтті

«Айналайын, үш жиырма бесім!»

5 наурызда экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚазҰУ түлегі, Қазақстан ғылым академиясының академигі Шеденов Өтеғали Қадырғалиұлының мерейтойына арналып «Айналайын, үш жиырма бесім!» атты әдеби-сазды кеш өтті. Аталмыш іс-шараның қонақтары Еліміздің білім саласында бірнеше жылдар бойы қызмет атқарып келе жатқан профессорлар құрамы мен доценттер, Қазақстан ғылым академиясының академиктері, ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері болды.

Кеш басы ҚазҰУ ректоры, техника ғылымдарының докторы, академик, Қазақстанның ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер Ғалым Мұтановтың құттықтау сөзін оқудан басталды. Құттықтау сөзді ҚазҰУ-дың Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Ш.Е. Жаманбалаева жеткізіп, сыйлықтар ұсынды. Келесі кезекте Ө.Қ. Шеденовті толықтай тануға бағытталған «Ел арна» телеарнасы дайындаған қысқаша бейнебаян көрсетілді. Бірінің артынан бірі айтылып жатқан тілектер мен шырқалған әндер көрермендерді ерекше күйге бөледі. Өз кезегінде құттықтау сөз алған экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Б.Ж. Ермекбаева әдемі өрілген теңеулерімен өз алғысын жоғары дәрежеде жеткізе білді. Кеш барысында туған күн иесіне арнап белгілі балбармақ күйші, толғаушы ҚР еңбек сіңірген қайраткері Шәміл Әбілтай бірнеше күй тартып, әндер



орындады. Оның күйлері мен әндері халық көңілінен шыққаны даусыз. Ал дәстүрлі халық әндерін орындаушы Жоламан Құжыманов тыңдарман шөлдеп жүрген әндерді орындап, көрермендердің зор қошеметіне бөленді. «Армандастар», «Құстар қайтып келе жатыр» атты әндерді шырқаған Нұрғали Нүсіпжанов та осы кештің сыйлы қонақтарының бірі болды. Ардақты ұстаз атанған Қ.Ө. Шеденовтің шәкірттері де өз сый-сыяпаттарымен келіпті. «Дарын шабыты» күйін орындап көпшілікті шабыттандырған Құрманғазы Қалиев пен «10 жастан 100 жасқа дейін» әнін жоғары дәрежеде орындап шыққан Талғат Айбусинов өздерінің

шынымен талантты жандар екендігін дәлелдеді. Сонымен қатар туған күн иесіне арнап жазылған жырлар да ел қолдауына ие болды. Құттықтаулар легін жалғастырған менеджмент және маркетинг кафедрасының доценті, «Ы.Алтынсарин» белгісінің иегері Ж.О. Тұмбай мен кафедра меңгерушісі экономика ғылымдарының докторы, профессор Қ.С.Мұхтарова ұстаздың сіңірген еңбектерін тілге тиек етіп, студенттерді жаңа ақпараттардан құлағдар етті. Кеш соңы Қ.Ө.Шеденовтің алғыс білдіру сөзімен аяқталды.

Дина МҰРАТҚЫЗЫ

Ғылым мен тәрбие кілті - ҒАЛЫМ ҒИБРАТЫНДА

Күні кеше ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті, саясаттану кафедрасының ұйымдастыруымен және қазақстандық гуманитарлық саяси конъюнктура орталығының атсалысуымен саяси ғылымдарының докторы, профессор Иватова Ләйлә Мырзалықызының 60 жылдық мерейтойына арналған «Халықаралық, аймақтық және ұлттық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми теоретикалық конференция өтті.

Конференцияға келген қонақтар сапында: Ph.D докторы Күнболат Сұңғат (ҚХР), Ханьян университетінің ассоциацияланған профессоры Энкю Ким (Оңтүстік Корея), ҚР Ғылым комитетінің философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы З.К. Шауқенова, ҚСЗИ жетекші ғылыми қызметкерлері, саяси ғылымдарының докторлары С.К. Кушқумбаев, Ю.О. Булуктаев, сондай-ақ Ақтөбе, Семей, Павлодар аймақтарындағы жоғары оқу орындарының ректорлары мен проректорлары, академиялық ғылым тобы өкілдері қатысты.

Конференция модераторы, философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Ә.Р. Масалимова халықаралық ғылыми теоретикалық конференцияның ашылуы рәсімінде мерейтой иесін құттықтап, келген қонақтарға сөз берді. Іс шараны құттықтау сөзбен бастаған ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев профессор Л.М.Иватованың қазақстандық саяси ғылымдардың жетілуіне қосып отырған үлесін, Отанымыздың білім мен ғылым кеңістігінде кәсіби білікті маман ретіндегі қызмет атқарып отырған шәкірттер мен жас кадрлар даярлау ісіндегі озық тәжірибесін атап көрсетіп, келер уақыттарда да ел үшін аянбай қызмет етуіне тілегін жеткізді. Келесі сөз кезегін алған қазақстандық саясаттанушылар Ассоциациясының президенті, саяси ғылымдарының докторы, профессор Е.Қ. Әлиев өз баяндамасында отандық саясаттануды көтеруде профессор Ләйлә Иватованың аянбай атқарған қызметін, ескелең ұрпақ алдындағы жауапкершілікті беделмен орындап келе жатқанын және ұрпақтар сабақтастығы аясындағы өзіндік тәлім мен тәрбиесін баян етті.

Сонымен қатар, халықаралық ғылыми теоретикалық конференция барысында қоғамда және әлемде болып жатқан өзекті мәселелер, олардың алдын алу бойынша кешенді ұсыныстар айтылды. Шетелден келген қонақтар, делегаттар той иесіне қарата лебіздерін жеткізіп, ыстық ықыластарын білдірді. Осы орайда Күнболат Сұңғат профессор Л.М. Иватованың Қазақстан Қытай саяси ғылымдары арасындағы әріптестік пен

байланыстардың тереңдеуіне, жаңа сапалық деңгейлерге жетуіне қосқан үлестері үшін профессорлар Л.М. Иватова, Ә.Р. Масалимова Г.Ө. Насимоваларды Шыңжаң Іле Нормал Университетінің «Құрметті профессор» лауазымымен марапаттады.

Баяндама кезегін алған Энкю Ким қазіргі әлемде болып жатқан күрделі саяси экономикалық және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері аясында мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда, ғылым мен білімнің рөлін, әсіресе саяси ғылымдардың маңыздылығын көрсете келе, профессор Ләйлә Мырзалықызы секілді ғылыммен шұғылданып, осы жауапкершілікті салада ерен еңбек етер мамандардың қызметі зор екендігін атап кетті.

Қазақстандық ғалымдар мен академиялық ортаның өкілдері, профессорлар да өз баяндамаларында той иесін құттықтап, ыстық ықыластарын, жылы лебіздерін білдіріп, шығармашылық шабыт пен бақыт тіледі. Сондай-ақ, сөз сөйлеген баяндамашылар қазақстандық саяси ғылымның ерекшеліктерін, отандық саясаттанудың негізгі бағыттарын, қоғам және мемлекет алдындағы өзекті мәселелер, жалпы қауіпсіздік дабылдарының алдын алудағы ғылыми ізденістер, қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық тұрақтылықты қолдау механизмдері туралы пікірлер мен ұсыныстар айтты.

Сонымен қатар осы конференция аясында, ұлттық, аймақтық және халықаралық қауіпсіздік салаларындағы өзгерістерді, аталмыш тақырыпқа қатысты өзекті мәселелерді қозғаған әртүрлі пікірлер айтылды. Жас саясаттанушы студенттер де өзіндік ой қорытып қайтқанын айтуға болады.

Конференциядан ғылым мен тәрбие кілті - ғалымның ғибратында деген ой түйдік. Ғибратты ғалымның игі істері ұрпақтар сабақтастығын жалғауда рухани азық, ғылыми тағылым болып қала берері сөзсіз.

Л.М. КИМ,
саясаттану кафедрасының доценті;
Е.Е. ОМАРҒАЗЫ,
саясаттану кафедрасының доцентінің м.а

ВКЛАД Т.Т. ТАЖИБАЕВА В РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНСКОЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

27 февраля кафедра общей и этнической психологии КазНУ провела традиционную международную научно-практическую конференцию «История формирования и перспективы развития практической психологии в Казахстане», посвященную известному ученому Т.Т. Тажибаеву.

С приветственным словом к участникам конференции выступила декан факультета философии и политологии А.Р. Масалимова, которая в начале своего выступления предложила почтить память безвременно ушедших в этом году известных казахстанских психологов С.М. Джакупова, Р.Х.Хисматуллиной.

Выступивший далее профессор кафедры общей и этнической психологии К.Б. Жарикбаев в своем докладе отметил роль Т.Т. Тажибаев в развитии истории психолого-педагогической мысли Казахстана. Он отметил, что именно Т.Т. Тажибаев одним из первых казахских ученых обратил внимание на богатое психологическое наследие своего народа, особенно на идеи выдающихся представителей второй половины XIX века - Ч.Валиханова, И.Алтынсарина и А.Кунанбаева, творчество которых, по его мнению, заслуживает тщательного и вдумчивого исследования.

Ученник Т. Тажибаева, профессор Ж. Туркпенулы рассказал об истории создания учебника по психологии. Еще до войны Т.Т. Тажибаев приступил к написанию учебника по психологии на казахском языке. Однако из-за большой загруженности ему так и не удалось осуществить задуманное. Лишь отдельные статьи этого оригинального учебника были опубликованы на страницах периодической печати. И, к великому сожалению, лишь только через тридцать лет после его смерти, благодаря

усилиям его учеников, разбросанные труды, удалось собрать, систематизировать и выпустить учебное пособие «Общая психология».

В своем видеобращении к участникам конференции ассоциированный профессор, директор Центра кросс-культурных исследований университета Гвелфа Саба Сафдар также отметила большую роль Т.Т. Тажибаева в развитии казахстанской психологии, что зарубежным психологам только предстоит открыть и оценить его роль и значение в развитии мировой психологической науки. Далее конференция проложила свою работу по 4 секциям: Методологические подходы и концепции построения современной казахстанской психологии; Проблема учебно-методической обеспеченности подготовки психолого-педагогических кадров; Научные достижения психологической школы С.М. Джакупова и деятельность казахстанской ассоциации психологов; Актуальные проблемы практической психологии в условиях глобализации. После секционных заседаний был проведен круглый стол «Т.Т. Тажибаев и современная педагогика и психология в Казахстане».

О.Х. АЙМАҒАНБЕТОВА,
профессор кафедры общей и этнической психологии;
А. ЗАКИЕВА,
магистрант отделения психологии

На юридическом факультете провели встречу с выпускниками в рамках мероприятия «КазНУ – твой путь к успеху!», посвященную 80-летию университета



ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ӘЛЕМІ

1960 жылдары қазақ поэзия әлеміне келген, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы қазақ әдебиетінде өзіндік үні мен орны бар. Поэзияның құдіретінде шек жоқ. Адамның асыл сезімінің тууына, дамуына жол ашады. Ф. Оңғарсынованың өлеңдері жүректен шыққан. Өлең қалай туады деген сауалға ақын былай деп жауап берген екен: «Әрине, бұған бірер ауыз сөзбен нақтылы жауап беру мүмкін емес.

Жалпы өз дүниені туралы, жүрегіңді жарып шыққан қандай да бір шығарма жайлы айту мен үшін қиын. Ең алдымен, менің сүйенетінім – өз жүрегімнің, өз әлемімнің дірілі, түйсігі. Ал өлеңдерім туралы айтқанда, қиын дейтінім, адам өзінің ішкі жан сезімін, толғаныстарын өзгенің алдына оп-оңай жайып салмайды ғой. Өйткені оңай айтылып, жеңіл жазылған нәрсе жұрттың да жүрегіне жетпейді, жеткен күнде де әсерсіз қалады. Ешқашан да жеңіл, қара дүрсін, жалаң ақыл айту үшін жазғым келмейді. Оқушылардың басын ауырту үшін емес, қайта олардың тереңнен сезінуі, табиғи түйсінуі үшін, ойланып-толғана жүруі үшін жазамын». Ақынның алға қойған мақсаты, ойы, үміті ақталып іске асты деп ойламын.

Ф. Оңғарсынова – халық ақыны. Әр өлеңі әр адамға алары мол рухани азық. Ақынның өлеңдерінен эстетикалық сұлулықты сезінеміз. Сонымен қатар ақын қоғамның заңдылықтарын, даму жолдарын, қажеттілігін терең меңгерген. Бұған дәлел – Ф. Оңғарсынованың әр тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі.

Ф. Оңғарсынова поэтикасынан ой тереңдігін, сезім шынайылығын, образдың бейнелілігін көреміз. Ақынның ойы мен образын ешкіммен шатастыра алмайсың, шығармашылығының ең басты ерекшелігі көзқарас кендігі мен таным биіктігі және ой тереңдігі. Ақын өлеңдерінде бүгінгі мен өткенді таразылай отырып, ашығын айтады. Туған халқының тағдыры әрдайым толғандырған, әлеуметтік кез келген мәселелерге батыл сыншылдық танытқан. Ақын өлеңдерінен Махамбет өлеңдерінің екпінін байқауға болады. Фаризаның қызуқанды, ерекше екпінді өлеңдері әр адамның намысын қайрап, ойын қайраттандырады. Ол өзіндік поэтикалық дәстүрі қалыптасқан сыншыл да,

сыршыл ақын.

Адамның жан жалғыздығын танытып-сездіруде психологизм түрлерін шебер қолдану тәсілін Фариза өлеңдерінен көптеп ұшыратамыз. Ақынның қай өлеңінде болмасын, өзінің бейнесі, ойы, сезімі арқылы ұлттық мінез бен болмыс танылады. Қарапайым жолдарға мол сыр ұялатып, оқырманын ғажайып сезім әлеміне жетелей жөнелетін өлеңдеріндегі ұлттық бояу, ұлттық мінез өзіміз талдау нысанына алған туындыларындағы адамның ішкі әлеміне үңілгенде барынша айқындала түседі. Халқын ерекше сүйген, елімен бірге болған ақын, халықтық рух бар. Ақын күнделікті тұрмыстық мәселелерге

қалам тербей бермеген. Өмірлік маңызы зор әлеуметтік фактілер мен адамгершілік рухани азық болатын дүниелер тудырды. Ақын мұрасы сонау алпысыншы жылдардың нақ ортасында "Сандуғаштан"(1966) бастау алып, сексенінші жылдардың аяғындағы "Таңдамалыны"(1987) және "Қыз ғұмырға"(1966) дейінгі аралықты қамтиды. Ақын лирикасы "Маңғыстау маржандары" (1969), "Мазасыз жүрегіңдемің" (1975), "Шілде"(1978), "Сенің махаббатың" (1979), "Сұхбат"(1983), "Жүрек күнделігі" (1984), "Дауа"(1985), "Маңғыстау монологтары"(1986), Екі томдық: Таңдамалы шығармалары(1987), "Өсиет"(1995), "Қыз ғұмыр"(1996) және "Мен саған ғашық емес ем"(1999).

Ф. Оңғарсынованың проза жанрындағы және публицистикадағы еңбегі бөлек дүние. Ақынның әйел өміріне арналған «Әйел аты – ұлылық» цикліне енген «Шашы ағарған қыз», «Келіншек», «Биіктік», «Қазақтың ақын қыздары» прозалық туындылары кеше қазақ әйелі қандай еді, бүгін қандай, болашақта қандай болуға тиісті деген сұраққа жауап іспеттес. Шығармада өнер саласындағы белгілі әйел тұлғалардың бейнесі сомдалған. Ақын өзінің сіңлілерін ел тарихынан орын алған апаларынан өнеге алуға шақырады, олардың өшпес бейнелерін болашақ ұрпаққа үлгі тұтады.

А. АСҚАРОВА,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент



Фариза Оңғарсынова

Киелі поэзиямыздың падишасы ақын Фариза апамыздың өлеңдерін білмейтін оқырман жоқ шығар. Себебі ақын өлеңдерінің әрқайсысында да тұңғыш ой, шынайы сезім жатыр. Оның әрбір өлеңін оқыған сайын құдды бір менің ішкі ойымды, ішкі сезімді жазғандай күйге боленем... Апамыздың өлеңдерінен әр қыздың жүрегіңдегі айтылмай жатқан терең сыр мен мұңды, махаббат пен сағынышты, қуаныш пен қызғанышты көруге болады. Оны ақынның махаббат жырларынан айқын аңғарамыз.

Байқап отырсам, Фариза апамыздың жаратушыға, табиғатқа, Отанға болашаққа, адам баласына, өлеңге деген махаббаты шексіз. Жұдырықтай ғана жүрегіне соншама кендікті сыйдыра білген. Оның жүрегіңде Отанға деген патриоттық сезім, азаматтық рух, пәк махаббат пен рухани байлық, ақынның өзіне тән рух тереңдігі орын алады. Адамның кіршіксіз адал сезімін, адами құндылықтарын жоғары орынға қойып бағалай білген.

Ақынның замандасы Әбіш Кекілбаев: «Бұдан кейін де талай ұрпақ келер. Олар да талай гәпті бастан кешер. Оларға да сырлас, мұңдас керек болар. Сонда олар да Фариза Оңғарсынова жырын аттап өте алмас. Өйткені тылсым дүниенің ащы-тұщысын бірдей татып, одан алған әсерлерін Оңғарсыновадай қалтқысыз жеткізе алған ақындар арғы-бергіде онша көп емес», – дейді. Шынында да, біздің жас ұрпақтың жан жарасына шипа болып, рухани құлдырағанда демеу болып жүрген апамыздың өлеңдері аз емес.

А. АҚЖІПТОВА,

«қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенті,

А. АСҚАРОВА,

эдвайзер

Қазақ поэзиясы қашан да әдебиеттің өзге жанрларына қарағанда жылдам дамып, ақын шығармалары оқырмандар арасында да үлкен суранысқа ие болды. Бұл, әрине, прозаны поэзиядан кем қою емес, себебі ақын да, жазушы да, бір-бірімен салыстыруға әсте болмайтын дара таланттар. Сол себепті де өзге жанрларға қарағанда кең өріс алуын артықшылық емес, ерекшелігі деп қарағанымыз жөн болар. Бұл мақалада мен сол поэзияның ерке аққы болған, санаулы ақын қыздарымыздың бірегейі Фариза Оңғарсынова жайлы ізденгенімнен түйгенімді ортаға салмақпын.

ФАРИЗАНЫҢ ӨСІМЕТТЕРІ

Қазіргі кезде қоғамдық көлікте жастардың ересектерге орын бермей, көңілі түскен қыздарға «сый-құрметін» жасайтынын кей кездері байқап қаламыз. Мұны ер жігіттің қыз баласын сыйлағаны шығар деп ойлауымыз мүмкін. Ал Фариза ақынның сол турасындағы өлеңін оқығанда, басқа ой жетелей кетеді. «Адам толы автобус ішінде отырған жігіт өзге қартаң кісілерді ескермей, жас қызға орын ұсынады», сонда:

Қарт ана қарап қойды жалтақ-жалтақ:
«Бұл менен көрді ме, – деп, – қызды қартаң!»

Қысылып: «Отыр, шеше!» – дей беріппін.

Риза боп ол да «Сау бол, – деді – қалқам!» – деген жолдар арқылы тәрбие көрген қыздың қандай әрекет жасау қажеттігін үлгі етсе, келесі шумағында:

Сызылды: «Сізге ұсынғам тегі мен», – деп,
(Жасанды сый-құрметтен жерінем бек).

Кей жігіт сыйдың шиін шығарып жүр,
Тәуір боп қызға ғана көрінем деп – деуінен ер баланың жасандылыққа бой алдырмауын, қыз көңілі тек шынайылықты қалайтынын саналарына құйғысы келгенін аңғарамыз.

Жаһандану заманында ары мен намысын жоғары қойған қазақтың ұл-қыздарының ұлттық болмысы жоғалып бара жатқандай көрінеді кейде. Фариза өлеңінен біз қазақтың қызы сүйгенінің сезіміне секем түсірмейтін адал болу керектігін ұғынамыз. Мәселен, «Қыз сыры» өлеңінде:

«Алғашқы арман-тілекті,
Шетке ысырғым келмейді.

Бірді сүйген жүректі,

Көпке ұсынғым келмейді» – десе, жігіттердің сезімде әлсіздікке бой алдырып, бойкүйездікке салынбай,

сүйген қыздың жүрегі ер жігітке лайық мінезімен жаулап алу керектігін ептеп жеткізеді:

Шынымен болып жүрсе жаның ғашық,
Сен маған жалынбашы,
Табынбашы.

Ер мінезді жігітті ұнатады
Осы бір қарындасың.

Ақын «бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлем тербететін» әйел мойнына артылар жүктің жеңіл емес екенін сіңлілеріне былайша өсиет ете айтады:

Сая – сендер халықтың қорғаны ұлға,
Қорғандардың талабын сорға бұрма.

Ескеріндер ертеңгі ел тағдыры,
Жер тағдыры сендердің қолдарыңда!

Ел қорғаны, ұлт тәуелсіздігінің тірегі
болар ұлдарының да тілеуін қара өлеңіне арқау ете жырлайды:

Асау ғасыр!
іріні үгіп демің

Бара жатса, сөнердей үміттерім.
Мен тілеймін: күңкіл мен ұсақтықтан

Сақтағай деп даламның жігіттерін!
Ақынның бұл өлеңдерінен елінің ертеңі болар ұл мен қыздың болашағына деген алаңдаушылықты көреміз. Ал сол ұрпақ Ф.Оңғарсынова өлеңдерін бағалап, мәнісіне бара алып жүр ме?!

«Бірі екем мен көптің иық керген,
Бірақ та бір шындықты түйіп келгем.

Биікті байқау үшін өзің биік
Болуың керек екен биіктерден», –

деп өзі айтқандай, ақын болмысын танып, өз биігінен көре алу үшін біздерге әлі де көп ізденіп, өмірдің ащысы мен тұщысын көріп, шындалуымыз қажет шығар?!

Ерсін ОСПАҢБЕК,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті

«БАР ҮМІТ СЕНДЕ, О, АСАУ ТОЛҚЫНЫМ МЕНІҢ!..»

Химия және химиялық технология факультетінде аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арналған жыр кеші өтті. Студенттер ақын жырларын жатқа оқыды. Күні кеше ғана арамыздан қайтпас өмірге аттанған Фариза жайлы деректі фильм көрсетіліп, көрермен көзіне жас алды. Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының меңгерушісі Дүйсек Қамысбаев: «Осы бүгінгі өткізіліп отырған іс-шарамыз студенттердің ой-өрісін Фариза ақынның шығармаларына бір табан жақындатқан сияқты. Олар бұл іс-шарадан кейін Фаризаның шығармаларын бұрынғыдан да ерекше қызығушылықпен оқиды деген сенімдеміз», – дейді. Ал аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының профессоры Әзімбек Қоқанбаев: «Ұлы ақын Мұқағали «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз» деп өз өлеңдеріне бекер қоспаған. Ақын сөз ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Бұл өмір заңдылығы. Ал Мұқағалидың «Том-том болып дүкендерде тұрмасақ та, шаң басқан архивтерден табылармыз» деген астарлы назын оқырманы жақсы түсінгендей. Қазіргі таңда Мұқағали мен Фаризаны оқымайтын оқырман жоқ деген ойдамын», – деген пікірін жеткізді. Химия және химиялық технология факультетінің аға эдвайзері Ержан Аққазин студенттердің поэзияға деген сүйіспеншілігіне ризашылығын жеткізсе, 1 курс студенті Назым Садуақасова: «Фариза Оңғарсынова – біздің әдебиетімізден, өмірімізден ерекше орын алатын ешкімге теңестіруге келмейтін ірі ақын. Абай атамыз «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп айтқандай, Фариза апайымыз осы дүниеден аумақты бір кірпіштің орнын алған жан», – деп тебіренді. Жыр кешіне жиналған студент қауым Фариза ақынның өлеңдерінен әлі де көбірек жаттау үшін кітап оқуға бекініп тарқасты.

Дана АРТЫҚОВА,

аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының оқытушысы

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

Шығыстану факультетінде «Ел ардақтаған асыл ана» атты тақырыпта халықаралық дәрежедегі дөңгелек үстел өтті



Шенгелбаева Баян Қайратбекқызы – география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының «География» мамандығының 3 курс студенті. Бала кезінен өлең-жырға жақын болып, мүшәйра, жыр сайыстарында жүлделі орындарды иеленіп жүр. Киелі қара шаңырағымыздың білімгері атанғалы бері «Қазақ университеті» газетінің тұрақты оқырманы болып, университет өміріне белсене ат салысуда. Университет, факультетаралық іс-шараларда да актерлік шеберлігімен баршаны таңғалдырып жүр. Тек шығармашылық жағынан ғана емес, өзінің оқудағы үздік көрсеткішімен көзге түсіп, ізденістерінің арқасында «Ғылым әлемі» атты ғылыми конференцияның да жүлдегері атанды.



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Ақын қызы қазақтың

Фариза, Фаризажан, Фариза қыз,
Ол сұлуы қазақтың жанған жұлдыз.
Ақындықты ту еткен ол бір ғажап
Қазағымның ақын қызы болған құндыз.

Фариза – ақынымыз жыр құлатқан,
Өлеңдері тау суындай сырғып аққан.
Батыстың өлең қуған қара қызы
Қазақтың қара өлеңін жыр ғып таққан.

Ауызынан шыққан сөзі жыр боп аққан,
Өнеге көп сусындасақ сол бұлақтан.
Сізге арналар әніміз бен жырымыз көп
Үлгі тұтып, мақтанамыз біз жырақтан.

Жастайынан ақындыққа болдың жақын,
Айтқан сөзің, жырларың бәрі алтын.
Құмда өскен қызғалдақ – еркесі ақындардың
Толқындай тулап, оттай жанып лапылдадың.

Қонаев атама

Атанған ер данасы, ел ағасы,
Димекең – қазағымның нар баласы.
Димекең – Дінмұхамед Қонаевты
Ардақтап, сағынады алты алашы.

Еріне елі әрдайым сүйінеді,
Тарихқа, ақиқатқа жүгінеді.
Халқының құрметінің белгісі сол
Есіміңді мақтан етер бүкіл елі.

Димекең – ұлы тұлға, дара перзент,
Ғұмырын өткізген жан тек қана ел деп.
Жыл өтер, ғасыр өтер бірақта ол
Халқымен мәңгі бірге бола бермек.

Жыр алыбы – Жамбылым!

Жыр алыбы – Жамбылым,
Салған жолың – даңғылың.
Ғасыр жасаған ұлы ақын
Халыққа аяң тағдырың.

Өшпес атың қашанда,
Қазақтың ақын, шешені
Есімің қалып мектепте
Үлгі етеміз көшені.

Айтысып талай ақынмен,
Өлеңнің салдың өрнегін.
Бақтыбай мен Құлмамбет
Алдында құлаш сермедің.

Алла сені қолдасын,
Жырларың мәңгі жасасын
Өнерді қолдап ниетпен
Сүйінбай берген батасын.

13-ке жасы келгенде,
Өзіне-өзі сенгенде,
Қорқынышын жеңгенде,
Сүйінбай бата бергенде,
Ақындық жолға түскен ол.

Оқымай Жамбыл молдадан,
Домбырасын қолға алған.
Өлең айтып, жыр айтып
Тек шындықты қолдаған.

«Жамбыл – деген жай атым,
Халық менің шын атым»
Осы екі жол өлеңге
Даналық өсиеті сиятын.

Жүз жасаған бәйтерек,
Тамыры терең жайылған.
Піріндей болып жырыңның
Ескерткіш мүсін қойылған.

Бақыт деген.....

Өмір, өмір, зымырайды өтеді,
Талпынған жандар бақытына жетеді...
Қолда бардың қадірін біл, қашанда
Болмаса олай басыңнан бағың кетеді.

Бақытты іздеп қарайлаймын жан-жағыма,
Сене алмаймын мына өмірдің жалғанына.
Бақыт деген амандығы ата-анаңның
Болмаса олай көнесің тағдыр жазғанына.

Бақыт құсы қона бермес әр адамның басына,
Бақытсызбын деп сен ешқашан жасыма.
Бақыт деген алтын, гауһар, жақұт емес
Қу ақша мен мақтанып, шалқып тасыма.

Ақын болу

Ақын болу табиғаттың сыйы ғой,
Әр сөзінде астарланған терең ой.
Өлең-жырың оқырманға болса ыстық
Ақын үшін бұл ерекше бақыт қой.

Ақын болу – Алланың тартқан сыйы бұл,
Ақындарға қажет болмас ақы-пұл.
Ақындықты нәсіп емес, кәсіп қылғаннан
Әттең-ай деп қалады екен көңіл тұл.

Ақын болу менің асқақ арманым,
Қолдамаймын сөздің әсте жалғанын.
Үлгі тұтып Абай, Жамбыл атамды
Шабыттанып өлең, жырды жазғаным.



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



Бетті дайындаған Бәтiш Омарова



Суреттерді түсіргендер: Талғатбек Асанов, Болат Рамазанов, Досжан Балабекұлы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Корректорлар: Гүлжан РУСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., ал-Фараби даңғылы,
71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орта-
лығында теріліп, беттелді.
"Гамма-принт" баспаханасында
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 313

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.